



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 32 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
2 0 0 7 ЖЫЛҒЫ 28 ТАМЫЗ**

Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Банктің ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін орындау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2007 жылғы 27 тамызда өткізілген отырысында Ең төменгі резервтік талаптар (бұдан әрі - ЕРТ) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдады. Өзгерістердің банктің резервтік активтерінің құрылымына, ішкі және өзге де міндеттемелері тізбесіне, сондай-ақ Ереженің ЕРТ нормативтерінің орындалуын бақылайтын нормаларына да қатысы бар.

Банктің резидент еместер алдындағы ішкі және өзге де міндеттемелері тізбесінен оның РЕПО, овернайт сияқты ағымдағы өтімділігін ұстап тұру үшін пайдаланылатын қысқа мерзімді міндеттемелері, сондай-ақ олар бойынша есептелген шығыстар алынып тасталды.

Банктің өзге де міндеттемелері тізбесінен реттелген борыштар және мерзімсіз қаржы құралдары, сондай-ақ олар бойынша есептелген шығыстар алынып тасталды.

Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған Бухгалтерлік есептің толық есепшоттарының үлгі жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 05.06.06ж. №49 қаулысы) клиенттердің және басқа банктердің тазартылған қымбат металдармен мерзімді салымдарымен банктің ішкі және өзге де міндеттемелерінің қолданылып жүрген тізбесі кеңейтілді.

Банктің резервтік активтерінің құрылымы оған банктің кассасындағы еркін айырбасталатын валютамен қолма қол ақша енгізу арқылы кеңейтілді.

Сонымен қатар, қаулыда ЕРТ нормативтерінің орындалуына бақылауды жетілдіру мақсатында Ережеге сәйкес талап етілетін ақпарат ұсынылмаған, уақтылы ұсынылмаған не шынайы емес ақпарат ұсынылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес шектеулі ықпал ету шаралары немесе санкциялар көзделеді. Сондай-ақ ЕРТ

нормативтерінің орындалуына бақылауды жүзеге асыру жөніндегі басқа да нормалар жетілдірілуде.

Қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес ЕРТ туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар осы қаулы қабылданған күннен бастап кемінде бір айдан кейін күшіне енеді. Басқарма оларды 2007 жылғы 9 қазаннан бастап күшіне енгізу туралы шешім қабылдады.

Сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу мақсатында Ұлттық Банк Басқармасының көрсетілген отырысында ең төменгі резервтік талаптардың жаңа нормативтерін (5% және 10%) қолданысқа енгізу мерзімдерін 2007 жылғы 29 тамыздан 2007 жылғы 9 қазанға ауыстыру туралы шешім қабылданды.